



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

10 желтоқсан
сейсенбі
№98 (2108)
2024 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Алтын домбыра әдетінен жаңылмай,
тағы да Сырға келді. Шайырлар
мен жыраулардың елін әсем үнімен
тербетіп, төрге шықты. Алтын домбыра
сарапқа салынған сөз зергерлерінің
сайысы биыл «Төрлет, еңбек адамы!»
деген атпен еңсесі биік Елорда төрінде
өткен. Аламанда алдына қара салмаған
жерлесіміз Мейірбек Сұлтанхан сол
алтынмен апталған домбыраны
олжалап, Ақмешіттің абыройын тағы
бір асқақтатты.

Сұлу Сырда күмбірлейді АЛТЫН ДОМБЫРА



Қара сөзден қаймақ терген аркалы ақындардың
бұл айтысына жер-жерден 14 ақын ат терлетіп
арқа төсіне аттанған. Бірінен бірі қалыспайтын,
кіл жүйріктің арасынан суырылып шығып, жеңіс
тұғырынан көрінген Мейірбек әуелі ақтық сынға
шыққан 8 өнерпаздың қатарында болды.

– Мемлекет басшысы келесі жылды «Жұмысшы
мамандықтар жылы» деп жариялады. Сондықтан
айтыстың тақырыбын біз «Төрлет, еңбек адамы!»
деп еңбек адамына арнап отырмыз. Ақындар
тілге тиек етіп, ойға арқа етіп қарапайым еңбек
адамдарының бейнесін, еңбегін жан-жақты
жырлауды мақсат тұтты, – дейді ҚР Парламенті
Мәжілісінің депутаты Аманжол Өлтаев.


Айта кетейік, осыған дейін айтыстың ақтангері
Мұхтар Ниязов Алтын домбыраны бірнеше мәрте
жеңіп алған. Енді ақынның ізбасары Мейірбектің
де мерейі үстем болып тұр. Облыс әкімі Нұрлыбек
Нәлібаев айтыскер ақынды арнайы құттықтады.

«Мейірбек Сұлтанханның топан озып,
үздік шыққаны туралы ақжолтай хабар
жетті. Жыл бойы өткен халықаралық және
республикалық айтыстарда жүлделі орын алған
14 ақын бақ сынаған сөз сайысында Сыр өнерінің,
руханиятының жұлдызы биікте жарқырағанына
бүкіл өңір жұртшылығы қуануда. Айтыстың
ақтангері Мұхтар Ниязовтан кейін «Алтын
домбыраны» иеленген Мейірбек жыр еліндегі
сабақтастықтың үзілмегенін тағы бір дәлелдеді.
Нартайдың мақамын әуелетіп, атадан балаға мұра
болған өнердің өміршеңдігін көрсетті. Еңбек
тақырыбын, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт
Кемелұлы ұсынған «Адал еңбек – адал табыс –
адал адам» қағидатын жырлады. Сыр бойында
туып, Сарыарқаны құтты қоныс қылған Мейірбек
үлкен айтыста азулы ақындарға алдырмас
қарсылас болып, көрерменді асыл сөздің нәрімен
сусындатты. Табан астынан тауып айтатыны,
салмақты ойы үйлесім тауып, оны биікке көтерді»,
– делінген құттықтау хатында.

«Арқаға барсаң, әншімін деме» деген керемет
сөз бар. «Сырға барсаң, жыршымын деме»
деп, жалғасын қиыстырған өнер өлкесіндегілер
Мейірбектің алған асуына қуануда. Абырой – ортақ.
Алтын домбыра Сырдан ұзамасын, ағайын!

Аян СПАНДИЯР

Әлеуметтік желі өміріміздің маңызды
бөлігіне айналды. Бұл тек ересектер үшін
ғана емес, балалар үшін де өзекті мәселе.
Әлеуметтік медианың балалар үшін
тартымдылығы көптеген мүмкіндікпен
байланысты, мысалы, жақындарымен
және достарымен қарым-қатынас орнату,
аудио және видео файлдарды жүктеу, хабар
алмасу, сондай-ақ әртүрлі ақпаратты іздеу
және тұтыну. Электронды құрылғыларды
пайдалану және мультимедиялық
контенттің бала дамуына әсерін анықтау
маңызды. ҚР Ұлттық статистика
бюросының деректеріне сүйенсек, 2021
жылы ақпараттық-коммуникациялық
технологияларды пайдаланатын 6-15 жас
аралығындағы балалардың үлесі 89,5%
құрады. Қазақстандағы балалардың
интернетті пайдалануы бойынша ҚР Оқу-
ағарту министрлігі мен ЮНИСЕФ бірлесіп
жүргізген «Kazakhstan Kids Online» ауқымды
зерттеуі балалардың интернетті пайдалану
барысында елеулі қауіп-қатерлерді анықтады.
2024 жылғы зерттеу нәтижесіне сүйенсек,
балалардың 5%-ы әлеуметтік желіге алғаш
рет төрт жаста, кей жағдайда тіпті одан да
ерте жаста кіреді. Ал 9-10 жас аралығындағы
балалардың 60%-ы және 11-12 жас
аралығындағы балалардың 66%-ы әлеуметтік
желілер мен ойын платформаларында өз
аккаунттарына ие.



БАЛАЛАР КОНТЕНТІ: ҚЫЗЫҚ ПЕН ШЫЖЫҚ

Расымен, мектеп жасына дейінгі балалар ғаламторды
жиі пайдаланады. Оған көбіне ата-аналары себепші.
Баланы тамақтандыру кезінде немесе көңілін көтеру үшін
колына смартфон ұстатып, бей-берекет жібере салады.
Мектеп жасына дейінгі балалардың гаджетті қолдануы,
түрлі қауіпті цифрлы контентті қарауы ата-аналардың
осы технологияны баласының белсенді пайдалануына
ықпал жасауына байланысты. Зерттеу көрсеткендей, бұл

6 жасқа дейінгі балаларға қатысты, өйткені олар гаджетті
қолдану туралы өз бетімен шешім қабылдай алмайды
және тәжірибесі жок, сол себепті жиі қауіпті сілтемелерге
басып, зиян контент көреді. Қазақстандық психологтардың
айтуынша, бұл мәселені шешу үшін еліміздегі балалардың
цифрлы контентті тұтынуын зерттеу қажеттілігі артып
келеді.

3-БЕТТЕ



Қызылорда облысы бойынша Экология департаменті Қармақшы ауданы
және Байқоңыр қаласы бойынша мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімінің
басшысы Әлішер ШАМКЕНОВ:

АРАЛ ТЕҢІЗІНІҢ ЖОҒАЛУЫ — АДАМЗАТ ТАРИХЫНДАҒЫ ҮЛКЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫС

Бүгінде экология және
қоршаған ортаны қорғау
мәселелері өзекті екені белгілі.
Экологиялық мәселелерді шешу
біздің өмірімізге оң ықпалын
тигізетіні анық. Осы бағытта
аймақта атқарылған ауқымды
жұмыстар көп. Сондай-ақ алдағы
уақытта жүзеге асар жобалар
аз емес. Қызылорда облысы
бойынша Экология департаменті
Қармақшы ауданы және Байқоңыр
қаласы бойынша мемлекеттік
экологиялық бақылау бөлімінің
басшысы Әлішер Шамкеновпен
сұхбаттасқан едік.



– Өзіңізге белгілі, өңірдің экологиялық
жағдайы бірінші кезекте Арал теңізінің
тарытылуы себебінен Арал өңірі экология-
лық тұрғыда күрделі және апаттық аймақ
екені белгілі. Арал теңізінің жоғалуы –
Арал өңірінің ғана мәселесі емес, адамзат
тарихындағы үлкен экологиялық дағдарыс
деп бағаланады.

Арал теңізінің құрғауынан жыл сайын-
ғы шанды және тұзды дауылдарға, аймақ-
тағы экологияның бұзылуына, халықтың
денсаулығының күрт нашарлауына, өсімдік
пен жануарлардың дамуына кері әсерін
тигізуде.

Қазіргі таңда Арал теңізінің құрғаған
ұлтанының көлемі 4,5 млн гектарды құ-
райды, оның 2,2 млн гектары Қазақстан
Республикасына тиесілі. Теңіздің құрға-
ған ұлтанында ұшқан тұз бен құмды
тоқтатудың бір ғана нәтижелі жолы бар.
Ол – фитоорманмелиорация, яғни теңіз
ұлтанына агротехникалық талаптарды
орындау арқылы сугарусыз және тұздалған
топыраққа бейім галофитті өсімдіктерді
(сексеуіл, сарысазан, қарабарак, жыңғыл)
отырғызу.

Сонғы жылдары құрғаған теңіздің өңірге
зиянды әсерін азайту және Арал теңізінің
қазақстандық бөлігін дамыту бойынша
бірқатар шаралар қабылданды.

аумақтарға шаң-тұздың ұшуы күшейді.
Жыл сайын ондаған миллион тонна ұсақ
тұзды тозаң мен улы тұз теңіз түбінен
көтеріліп, тұз-тозаң бұлт түрінде қаншама
шакырымдарға таралып жатыр. Сонымен
қатар Байқоңыр ғарыш айлағынан отынның
уытты компоненттерімен ұшырылатын
зымыран тасығыштар жергілікті топырақ,
су және атмосфералық ауа көздерін ластан-
тып әсер етуде.

– Аймақтың экологиялық жағдайын
сөз еткенде Арал теңізінің жайынан
айналып кете алмаймыз...

4-БЕТТЕ

– Маман ретінде аймақтың эко-
логиялық жайын айтсаңыз?

– Бүгінгі күні Қызылорда облысының
экологиялық жағдайына Сырдария өзені
мен Арал теңізінің тартылуы, құрғаған теңіз
табанынан тұз көтерілуі, «Байқоңыр» ғарыш
айлағынан зымырандардың ұшуы тікелей
әсер етуде. Қазір Арал теңізінде балық
көлемі азайды, Сырдария өзенінің ландшафт
аймақтары тозды, теңізге жақын аудандарда
климаттық жағдай нашарлады, Арал
маңындағы санитарлық-эпидемиологиялық
жағдай күрт нашарлап, жақын орналасқан

СҰХБАТ



Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
мемлекет және қоғам қайраткері:

Еңбекті «ұлы мәртебелі» деп бағалаймын

Бүгінгі жүреқарды
сұхбатымыздың қонағы өмірде –
өрішіл, саясатта – сарабал,
ғылымда – тұрлаулы, турашыл
тұлға, мемлекет, қоғам
қайраткері – Мұрат Бақтиярұлы.
Белгілі саясаткер, көрнекті тұлғамен
әлемдегі саяси мәселелер, төл
тіліміздің тағдыры, адал еңбек
жөнінде әңгіме айтылды.
Тарихи шешімдер тұрғысынан
ой қозғайды.

2-БЕТТЕ

Баспасөз-2025
АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2025 жылдың бірінші
жартыжылдығына жазылу
жүзінде. Қапы қалмаңыз,
сүйікті газетіңізге жазылуды
ұмытпаңыз.

Жекелер үшін
6 айға – 3000 теңге,
мекемелер үшін – 4000 теңге.
Баспасөзге қатысты
сауалдарыңыз болса, мына
нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

– Сіздің әлеуметтік желіде оқырманға ойтатын тастап, жазба қалдыратыныңызды білеміз. Соның бірінде «Таптырмайтын қызметкер жоқ болғанымен, қайталанбайтын тұлғалар бар екені ақиқат» деген екенсіз. Сізді де сондай тұлғаның бірі деп санаймыз. Өзіңіздің өмір жолыңыз, балалық шағыңыз жайлы айта отырсаңыз...

– Біздің балалық шағымыз өткен ғасырдың 70-ші жылдарына сәйкес келеді. 1965 жылы мектепке барып, оны 1975 жылы жақсы бітірдім. Ташкентке оқуға барып, конкурстан өте алмадым. Ол кезде жоғары оқу орнына түсу өте қиын еді. Уақыт жоғалтпай Отан алдындағы борышымды өте үшін әскерге кеттім. Әскерден кейін комбайн да айдадым, құрылысшы да болдым. 1980 жылы ҚазГУ-дың тарих факультетінің дайындық бөліміне оқуға түсіп, 1986 жылы қызыл дипломмен бітіріп шықтым.

Адам болып қалыптасуында ата-анамның орны ерекше болды. Бала кезімнен еңбекке баулыды. Сыртқы шаруа өкметінің мойнында болса, ішкі шаруаны перзенттеріне жүктелді. Үй жинап, тамақ істедік. Аула тазалау, бау-бақша егуге де жәрдемдестік. Адал еңбекке үйреткен ата-анама, ұстаздарыма ризамын. Мектепте математика, физика пәні жанымға жақын еді. Дегенмен тарихтан беретін мұғалімнің өте білімді болғанының әсерінен тарихты, әдебиетті сүйдім. Жоғарғы оқу орнында лениндік стипендиямен оқыдым. Ата-анам зейнеткер еді. Сондықтан қаржы тапшылығын болдырмайын деген ниетпен сенбі, жексенбі күндері Алматыдағы маргарин, цемент зауытында жұмыс істедім. Құрылыс отрядында 2 жыл қатарынан командир болып, ақша таптым. Себебі киім-кешек, оқулық үшін ақша керек болды. Кітапқа өте құмар едім. Тапқан-таянғаным кітап сатып алдым. Ол заманда кітап табыла бермейтін. Мәселен, Шығыс Айтматовтың «Плаха» деген кітабын іздеп жүріп тауып оқыдым. Ол кітаптан бойыма қаншама құндылық, рухани азық жинадым.

– Өмір тәжірибеніңіздің өлшемі болар, адамның бойындағы мінез-құлық немесе іс-әрекетке қатысты түйгеніңізді елге әлеуметтік желі арқылы үздіксіз беріп отырсыз. Мұның сыры неде?

– Әлеуметтік желі апаратын жылдам таратуымен ерекшеленеді. Өмірде ұсақ-түйек болса да көргеніміз, тәжірибеміз бар, он-солды танығанымыз бар, соны сараптап, ағартушылық бағытта жазба қалдыратыным рас. Әлеуметтік желіде келесі кезең аз да, негатив нәрсе өте көп. Оларға көп назар салмаймын. Тек танымдық мақалаларды оқимын. Қазақ тілінде тәрбиелік мәні бар жазбалар өте аз. Мысалы, Ресейдің контенттерін қарасам, ағартушылық мәселелер көп айтылады. Танымдық, экономикалық, бюджеттік, отбасылық қарым-қатынас, психологиялық тұрғыдан көптеген танымдық ақпарат өте көп шығады. Аз да болса адами, адамгершілік тұрғыда ештеңе жазба қалдырамын.

– Әлемде саяси дүрбелен жиі орын алып жатқанын білеміз. Саясаткер ретінде Ресей мен Украина арасындағы қақтығысқа қандай баға бересіз? Әлемдегі оқиғаларды саралап, лайықты баға беретін деңгейіңіз бар екенін білеміз. Сіздің пікіріңіз қандай?

– Ресей мен Украина туралы айтсам, екі ел арасындағы басқыншылық соғысына таңқалдым. 2022 жылы басталды. Ұмытпасам, ақпан айы болу керек. Ол кезде Парламент Сенатындамын. Сол уақытта әлеуметтік желіде осы мәселеге қатысты пікір қалдырдым. «Басқыншылық соғыс» деп атадым. Өйткені бізде арнайы конвенциялар бар. Совет одағы кезінде 15 республика құрамынан шықты. Сол кезде бекітіліп берілген территориялар бар. Ол Біріккен ұлттар Басы I-бетте

ұйымымен, әлемдік қауымдастықпен мойындалған. Украинаның шығыс облысын басып алу әрекеттерін мен басқыншылық соғыс деп айыптадым. Ресейдің өз мүддесі бар. Жалпы халықты жамандауға болмас. Орыс халқы әдебиет пен мәдениетке үлкен өзгерістер алып келді. Оны жоққа шығармаймыз. Дегенмен Ресейдің I Петр заманынан бастап шовинистік көзқарасы 400-ші жылға кетіп бара жатыр. Орыс шовинизмі белең алып тұр. I Петр Ресейді құрғанда империя деп, өзін императорым деп жариялады. Бұл шовинистік аурудан көптеген ұлт өтіп кеткен. Мысалы, Англия көптеген мемлекеттерді жаулап алды. Оның ішінде, Африка, Азия елдері бар. Бірақ Англия осы шовинистік көзқарас XX ғасырда бас тартты. Франция да империялық мемлекет. Олар да бас тартты. Орыс билігі шовинизм ауруынан айыққан жоқ. Туысқан халық Украинаның жерін басып алып, іріткі салды. Алдымен Қырғымды алды. Сол кезде бүкіл дүние жүзі шулады, басылды. Украинаның шығыс өлкесі орыс тілін таптады деген желеумен басып алу ақылға сыймайды. Соғыс екі мемлекетке де тиімсіз. Еуразиялық одақтың құрамындағы елдерге де зияны тимесе, пайдасы жоқ. Қазір доллардың қымбаттауына, экономиканың дамымауына ықпалын тигізуде. Санкция салынуы да әлеуметтік жағдайды әлсіретуде. Америка құрама штаты Трамп келгеннен кейін жағдайды өзгертуі мүмкін. Меніңше бұл



керек. «Бір ұлт – бір тіл» идеясы өміршен екенін көптеген мемлекеттің тәжірибесі көрсетіп отыр.

– Республика күні қайта тойланып, елдің мерейі осын жатыр. Құнанған жанның бірі сіз болғаныңызға шүбә жоқ. Пікіріңіз қандай?

– Республика күнінің қайа оралуы екі жақты мәселе. 25 қазан тәуелсіздік декларациясын қабылдаған күн. 1990 жылы біз совет одағының құрамында болдық. 1991 жылғы 16 желтоқсан

– Саяси бәсекелестік дегенді әртүрлі түсінеміз. Оппозиция дегенді жау көреміз. Ол тек қоғамда болып жатқан кейбір оқиғаға, шешімге адамның жеке көзқарасы ғана. Пікірін ашық айтқан азаматтарды сығна аламыз. Бұл жолдан өтуіміз керек.

Саяси бәсекелестік жоқ жерде тоқырау, дағдарыс орын алады. Біз мұны бастан кешіріп. Саяси бәсекелестік елдің дамуы, болашағы

– Адамды адам ететін адал еңбек екенін үнемі еске салып жүресіз. Қазір қиналмай, табысты болғысы келетіндер көп...

– Адал еңбек туралы Президент те әрдайым айтып келеді. Еңбек деген үлкен ұғым. Еңбекті «құлы мәртебелі» деп бағалаймын. Өйткені адамды адам еткен – еңбек. Таза маңдай термен келген еңбекті адал еңбек деп түсінеміз. Ауылда, қалада тұрғанына қарамай, әкім немесе журналист болсын, оның еңбегі бағалану керек. Бұл туралы хадисте де айтылады. Өзге халықтың дінінде де еңбек етуге ерекше баға береді. Немістер, ағылшындар, америкалықтар «бай болсаң қарапайым бол, төмен түсе бер» деген ұғымды ұстаным еткен. Сондықтан Президент дұрыс айтады. Тек адал еңбек қана бақытқа жетелейді.

– Өзіңіз бірнеше жеке мектептің құрылтайшысыз. Жоғары білім грантына не болып, оқу орнын бітірген соң жұмыс таппай жүргендердің қатары көбейді. Педагог мамандарды елдегі мектептердің санына, қажеттілігіне қарай даярлау керек болар?

– Мектепке байланысты да Парламент мәселе көтердік. Мен шет мемлекеттерде іссапармен жиі болдым. Дамыған елдерде мемлекеттік мектеп те, құрылтайшының иелігіндегі жеке мектеп те бар. Мәселе мектептің кімнің иелігінде болуы емес, мұғалімдерінің мықтылығында, білім сапасына байланысты.

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ, мемлекет және қоғам қайраткері:

ЕҢБЕКТІ «ҰЛЫ МӘРТЕБЕЛІ» ДЕП БАҒАЛАЙМЫН

соғыс 2025 жылдың күзінә қарай тоқтауы мүмкін. Бірақ қандай келесімге келеді Украина жерінің бір бөлігін бере ма, Украина НАТО-ға ене ма, Евроодаққа қошыла ма, бұл екі тарапты келісімге келген соң шешілуі мүмкін. Израиль мен Палестина арасындағы соғыс, Сириядағы қақтығыстар мұның бәрі әлемдегі геосаяси оқиғалар. Мұндай оқиғалар бүкіл экономикаға әсер етеді. Бұдан ірі мемлекеттер көп зиян шеге бермейді. 2025 жылы тыныштық болады деп ойлаймын. Бірақ әлем аренасындағы үлкен мәселе Ресей мен Украина арасындағы жанжал доғарылса деймін.

– Қазақ тілінің мәртебесін көтеру жайлы Парламент қабырғасында мәселе көтеріңіз. Заңдарды ана тілінде жазылуына не келді?

– Қазақ тіліне байланысты мәселе жауыр болған тақырып. Мен Парламент қабырғасына 2011 жылы барғаннан бері осы мәселені 4-5 рет көтердім. Сонда көзім жеткені мұны ұранмен, толып жатқан конференциямен, пікірталаспен, семинармен шеше аламыз. Менің таңқалғаным, қазақ мемлекетінде халықаралық қазақ тілі қоғамы бар. Оның қазаққа қандай қажеті бар? Басқа тілдің қоғамы құрылса түсінуге болады. Тіл мәселесін қазақ ұлты өзі шешу керек. Балаларын қазақ балабақшасына, қазақ мектебіне беру керек. Бірінші кезекте тілдің статусын көтеру өзімізге байланысты. Екінші кезекте заңға байланысты. Заңда орыс тілін ұлттаралық тіл дегенді алып тастау керек. Себебі ол пісіп жетілді.

Менің білетінім, мемлекеттің атауын иеленген ұлттың тілі аруақытта да басым болу керек. Өйткені қазақ ұлтының тілі басқа мемлекет үшін керек емес, ол тек қазақ мемлекетіне ғана

тәуелсіздік декларациясын қабылдадық. 16 желтоқсанға байланысты екі жақты нәрсе бар. Екеуі де саяси мәселе. Біреуі тарихи тұрғыдан біз 1991 жылы тәуелсіздікті жарияладық. Өкінішке қарай, 1986 жылғы 16 желтоқсанда Алматы қаласында жастардың қаны төгілді. Екінші, 2011 жылы Маңғыстау облысы, Жаңаөзенде тағы қантөгіс болды. Меніңше, осы оқиғаны ала отырып, 16 желтоқсанды біз мейрам ретінде және қанмен келген тәуелсіздік күні ретінде атап өтуіміз керек. Ал енді негізгі мейрамды 25 қазанға бекіткен дұрыс деп есептеймін.

– «Бос сөз бен жалынды жалған ұрандардан халық әбден шаршаған. Сөзі мен ісі үйлескен тұлғаларға әрүміз. Ұлтты мызғымастай біртұтас ететін рухани шамшырақ керек» деп сіз жазбаңызда. Нені мензедіңіз?

– Менің айтпағым, Парламент дискуссияның қара қазанына айналу керек. Көптеген мәселе алаңда, көшеде емес, мәжілісте шешілу керек. Парламентте көптеген жақсы бастама көтеріледі. Өсіресе бюджетке қатысты, ұрланған ақшаны қайтаруға, тілге байланысты қоғамдағы шешімін таппай жатқан мәселелер талқыланады. Көп жағдайда шешілмей жататыны өкінішті. Шешім қабылдайтын – Президент, Президент әкімшілігі, Үкімет. Ұлттық рухани тұрғыдан халыққа тиімді шешімдер қабылдана дейміз.

– «Саяси бәсекелестік жоқ жерде тоқырау, дағдарыс орын алады. Біз мұны бастан кешіріп. Саяси бәсекелестік елдің дамуы, болашағы туралы балама бағдарламалар тудырады» деген пікір білдіріңіз. Осы мәселеге ашығырақ тоқталсаңыз...

туралы балама бағдарлама тудырады. Жасырын, астыртын тәсілдің үлесі азаяды, белсенді, білікті жаңа тұлғалы азаматтарды анықтайды. Қазіргі ел Президентінің де ұстанымы осындай деп білемін. Еліміздің дамуына, саяси жүйенің құрылымына, сайлау жүйесіне қатысты қоғамда алуан түрлі пікір бар. Көзқарас пен пікір бәсекелестігінің болуы демократиялық, дамыған мемлекеттерді тек алға жетелейтін ақ желкені. Біздер қоғам дамуына қажет жақсы ұсыныстардың қабылдануына, Парламентке, барлық деңгейдегі билік тармағына пікірін жатқатай айтатын мықты азаматтардың баруына келергі жасамауымыз керек. Осы арқылы қоғам мүшелеріне саяси мәдениетті қалыптастыруға, мемлекеттілік пен тәуелсіздігіміздің мызғымастауына айрықша мүдделілік танытатын, елдегі саяси орнықтылыққа айрықша ұйытқы бола алатын әлеуметтік күштерді топтастыра аламыз. Ақиқатты іздемейтін адам жоқ. Бірақ оның анық-қанығын дәл білетін «жол сіттеуші» ешқашан бұрын да, қазір де, келешекте де болған емес, болмайды да. Бір ғана ақиқат, ол қазақ елінің иесі де, киесі де – қазақ ұлты. Сырттан ешкім келіп бізді жарылқамайды. Бізге керекті ой-пікір қайшылығына қарамастан ұлттық келісімге келу.

Қоғамда бірнеше саяси партия бар. Маған америкалық жүйе ұнады. Бізде де болашақта мықты екі партия болса жеткілікті. Ол жеңіске жетіп, Парламентке келетін партия болу керек. Көпшілік дауыс алған партияны үкімет жасақтау керек. Қазір азаматтарымыздың көпшілігінің саяси сауаты мықты, неңің не екенін біледі. Бәсекелестік орта қалыптастыру өте маңызды. Жақсы пікірлер, ұғымды ойлар саяси бәсекелестікте ұтып шығу керек.

Егер мұғалім сапалы, білімді болса, ол мектептен жаман оқушы шықпайды деп ойлаймын.

Бізге 127-дей жоғары оқу орны бар. Мемлекеттік грантпен оқыған кадрлар оқу орнын бітірген бойда жұмысқа орналасатындай жүйе болу керек. Мен құрылтайшы ретінде мұғалім кадрын таңдау конкурсына қатыстым. Қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін бітіргендердің бізге 60-тан астамы құжат тапсырған. Соның 85 пайызы мемлекеттік грантпен оқыған. Бізге керекті – 2 маман. Қалғандары қайда барады? Қолында дипломы бар. Мамандарды артығымен дайындап жатырмыз ғой. Өткен кеңестік кезеңде педагог кадрлар жұмыс таба алмай жүр дегенді естіген емеспіз. Өйткені педагог мамандарды елдегі мектептердің санына, қажеттілігіне қарай даярлайтын. Мұны жоғары қойып жөндемесе болмайды. Бұл мәселе білім мен ғылым, ұлттық экономика, еңбек министрлігінің күзретіндегі міндеттер. Қажет кадрларды ғана мемлекет даярлап беру керек. Бұл мемлекеттің миллиардтаған қаржысы құмға сіңгендей жағдай.

– Санаулы күндерден соң жана жылды қарсы аламыз. 2025 жылы елімізде қандай жақсы жаңалықтар болғанын қалайсыз?

– 2025 жылдан көп үміт күтеміз. Ең басты тілек, елдің, отбасымыздың, мемлекеттің амандығы. Барлық құрметке, марапатқа лайық қазақ деп аталатын ұлт бай, бақуатты, мәдениетті, білімді, тәрбиелі болса деймін.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

ЖЕР НЕГЕ ҚАЙТАРЫЛЫП ЖАТЫР?



Уақытылы игермедіңіз бе, жер телімі мемлекет меншігіне қайтарылып, кезекте тұрған келесі азаматтарға табысталады. Әу баста-ақ, айтылғаны солай еді... Қосымша уақыт сұрағандардың да көңілі қалдырмады. Әте, баспана салғандар бүгінде түтінін түтетіп отыр. Қош, «Бәйтерек» шағын ауданында пайдаланылмаған жерлер осылай қайтарылуда.

Жай ғана ала салмайды, алдымен аумақтағы жер телімдерінің игерілуі бойынша біршама уақыт талдау жүргізілді. Себеп-салдары зерделенді. Осы уақытқа дейін «Бәйтерек» шағын ауданынан жалпы көлемі 9800 гектарды қамтитын 5112 жер учаскесі жеке тұрғын үй құрылысы үшін

табысталған. Зерттеу нәтижесі көңіл көншітпейді. Қазір бұл жердегі 1883 жер телімі мақсатына сай игерілмегені анықталды.

– Мұнда жол құрылысы, аялдамалар, жаяу жүргіншілер жолы, жарық, су тәрізді инфрақұрылым нысандары толық салынған. Тіпті, осы шағын аудан үшін салынған білім ошағы да бар. Өкінішке қарай, инфрақұрылым заттары қолды болған фактілер көп. Тұрғын болмағаннан кейін, қараусыз қалып, осындай күй кешуде, – дейді қалалық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Мейрамбек Әжібеков.

Айта кетейік, қала бойынша 71 304 тұлға жер кезегіне тіркелген. Мемлекет меншігіне қайтарылған жер учаскелері аталған кезекте тұрған азаматтарға табысталамақ.

Аян СПАНДИЯР

АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ – НАЗАРДА

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағаларының тұрақты болуы – атқарушы биліктің басты міндетінің бірі. Көзді ашып-жұмғанша жылды қорытындылайтын сәтте таян қалды. Тұрғындардың көп тұтынатын тауар бағасы жана жыл қарсаңында қымбаттайтыны белгілі. Оның үстіне, доллардың қымбаттауы да бағаға әсер ететін сөзсіз. Дегенмен Үкімет бағаны бақылау мақсатында тиісті жұмыс атқаруда.



Апта басында Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен Үкіметтегі кеңесте 11 айдағы инфляция қорытындылары мен 2024 жылғы болжамдар қаралды. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, қараша айында азық-түлік емес тауарлардың баға индексі 0,7%, ақылы қызметтердің баға индексі – 0,8%, азық-түлік өнімдері – 1,1% болды. Азық-түлік инфляциясын тежеу мақсатында аймақтарда көкөніс қорлары пайдаланыла бастады. Ауыл шаруашылығы министрлігінің

мәліметінше, 159,6 мың тонна көкөніс қорының 13,4 мың тоннасы сатылған. Ең көп сатылғаны – картоп 7,2 мың тонна, сәбіз – 2,1 мың тонна, пияз – 2,2 мың тонна, қырыққабат – 1,7 мың тонна. Серік Жұманғарин Ауыл шаруашылығы министрлігіне аймақтармен бірлесіп, негізгі азық-түлік өнімдерінің, соның ішінде жылыжайда өсірілген көкөністердің бағасын тұрақтандырып, жана жыл қарсаңында олардың жеткілікті мөлшерде сауда сөрелерінде болуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Тұрақтандыру қорларында осы уақытқа дейін жинақталған азық-түлік қорын өңірге жеткізу және оны ауыл шаруашылығы жәрменкелері арқылы сатылымға шығару тұрғындарды жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етуге әрі көкөніс және басқа өнімдерді қолжетімді бағада сатуға мүмкіндік береді. Бұл шаралар жана жыл алдындағы негізгі азық-түлік өнімдерінің қымбаттауы үшін ұйымдастырылуда.

Сыр өңірінде де базар бағасы бақылауға алынған. Аймақ басшысының тапсырмасымен «Сыбаға» базары, «Аль-Асад», «Сырдария», «Мирас» сауда үйлеріндегі және әлеуметтік дүкендердегі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларына мониторинг жүргізілді. Алда келе жатқан мереке қарсаңында бағаны негізсіз өсіруге жол берілмеу керек. Осы ретте, сауда желілеріндегі баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған бақылау шаралары күшейтілді.

Айтолқын БАТЫРБАЙ

ЦИФРЛЫ МЕДИА СҰРАНЫСҚА ИЕ

«Wunder Digital» агенттігінің 2022 жылғы халықаралық есебі бойынша, қазақстандық балалар арасында «Instagram» әлеуметтік желісі жақсы танымал. Бүгінде жиі пайдаланатын платформалар арасында «TikTok» көш басында. Қазақстандық қоғамдық даму институты жүргізген «Қазақстандағы балаларға арналған контентті зерттеу» тақырыбындағы талдамалық баяндаманың мәліметтері бойынша балалардың оқуға, музыка тыңдауға, теледидар мен онлайн бейнелерді көруге, ойын ойнауға, сондай-ақ аудиокітаптар, подкасттар, виртуалды шынайылық, ақылды динамиктер және смарт сағаттар сияқты жаңа медиаға қызығушылығы жоғары. «Балаларға арналған мультимедиялық өнімдерге контент-талдау» тақырыбындағы баяндамаға сүйенсек, балалар көбінесе елде тіркелген аккаунттардың контентіне қызығушылық танытады. Одан кейінгі орында Оңтүстік Корея келеді, мұнда балаларды осы елдің әрістері мен актерлері қызықтырады. Бұл корейлік «Халло» токының танымал болуына байланысты. Үшінші орында Ресейде тіркелген парақшалар тұр. Зерттеу көрсеткендей, жас қазақстандықтар ресейлік жас блогерлер мен әншілердің аккаунттарына жиі жазылады. Қазақстанда жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша балалар негізінен ойын-сауық контентіне басымдық беретіні анықталған. Бұл балалардың «YouTube»-ті ойын-сауық үшін белсенді түрде пайдаланатынын көрсетеді. Дегенмен сұраныстағы контенттің едәуір бөлігі білім беру сипатында. «YouTube» контентін талдау нәтижелері көрсеткендей, балаларға арналған отандық контент негізінен ойын-сауық сипатында болғанымен, білім беру тақырыбындағы бейнероликтер де бар. Білім беру мазмұны бар арналар мектеп оқушыларына бағытталған. Осы арналарда сабақтар, ҰБТ-ға немесе мамандандырылған мектептерге дайындалуға арналған үлгілік тесттер, сондай-ақ үй тапсырмалары, БЖБ және ТЖБ талдаулары бар арналар кіреді. Мұндай контент елімізде негізінен 12-17 жас аралығындағы оқушыларға арналған. Контенттің жүйелілігі арнаның танымалдығына тікелей әсер етеді. Бұл тренд, түрлі-түсті роликтер, ойын-сауық және музыкалық жанрлар арқасында балалар арасында қолдау тауып отыр. Балалар контенттің рефлексивті түрде таңдайды, яғни бейненің өзгеру жиілігі мен өлеңіне, ырғағына мән береді және жиі айтылған мәтіннің мәнін түсінбей қарайды. Контентті таңдау балалардың цифрлық ортаға жоғары қызығушылығын және ойын-сауықпен қатар білім мен дамуға ықпал ететін сапалы және қауіпсіз контентті ұсыну қажеттілігін көрсетеді. Ата-аналардың айтуынша, балалар ересектерге арналған контентті жиі көріп, кейіннен тұйықталып немесе агрессивті болып кетеді. Кейбір жағдайларда көру уақытына шектеу қою да көмектеспейді, өйткені балалар ата-ананың бұл баптауларын айналып өтуді үйренген. Сондықтан балаларға сапалы, әрі білім беретін контент ұсыну өте маңызды. Баланың болашағы үшін саналы түрде таңдалған, әрі олардың дамуына ықпал ететін мазмұнды контентті қамтамасыз ету үшін ата-аналар мен платформалар бірігіп жұмыс істеуі қажет. Білім беру контентінің көбеюі балаларға тек ойын-сауық емес, сонымен қатар оларды жаңа біліммен байыта алатын мүмкіндіктерді де ұсынады.

Елімізде балалар контентінің дамуына үлес қосып жүрген алғашқы отандық телеарна – «Валаран» арнасы. 3–12 жас аралығындағы балаларға арналған бұл телеарна мультфильмдер, танымдық бағдарламалар және фильмдер көрсетіп келеді. Арнаның басты мақсаты – балалардың таным көзкеңігін арттыру. «Валаран» қазақ тіліндегі контентті ұсыну арқылы балалардың тілді менгеру деңгейін көтеруге және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге үлкен үлес қосуда. Телеарна төл мәдениет пен салт-дәстүрді заманауи әдістермен балаларға түсіндіру жолында отандық контент жасап келеді. Телеарна түрлі отандық мультфильмдерді көрсетіп, балаларға ұлттық құндылықтарды сіңіреді. Мультфильмдердің ішінде «Ертемір», «Айдар», «Аралар отбасы» «Токты мен Серке», «Жібек» сияқты телехикаялар да қазақ балаларының батырлық ерекше орын алады. Сонымен қатар «Расулдың хикаялары», «Тентек», «Теңбіл доп» сияқты платформасында 15 миллиард қаралымнан асты. Екінші қаралымы жоғары видеолар қатарында «Маша мен Аю» мультхикаясы. Балаларға арналған мультхикая элементі барлық тіліне аударылып, платформадағы миллиард қаралымнан асатын «YouTube» арналардың көш басында. Ресейлік мультипликаторлар жасаған мультхикая желісі қазақстандық балалардың сүйікті контенті. Сонда отандық контентті дамытуға не кедергі бар деген сұрақ туындайды. «Nalqoz» университетінің аға лекторы, «Креативті индустрия» бойынша білім беру бағдарламасының басшысы, 3D анимация мен мультипликация маманы, «Dansi Academy» негізін қалаушысы Бағлан Төлебай айтуынша, сапалы мультипликациялық контент жасау үшін үлкен қаражат пен білікті мамандар қажеттілігі бар екенін айтады.

арасында математика мен ғылымды зерттеуге бағытталған. Журналдың бас редакторы танымал математик Асқар Жұмаділдаев.

– «Балалық шағымызда біз «Қазақстан пионері», «Балдырған», «Ғылым және еңбек» сияқты бірнеше журналға жазылдық. Бүгінгі таңда Қазақстанда 10 мыңнан астам газет-журнал шығады, бірақ олардың арасында балаларға арналған ғылым туралы журнал немесе газет жоқ. Осындай басылымдардың арқасында менде ғылымға деген қызығушылық оянып, сондықтан менің арнаым осындай журнал шығару болды, – дейді Асқар Жұмаділдаев журнал тұсаукесерінде.

БАЛАЛАР КОНТЕНТІ: ҚЫЗЫҚ ПЕН ШЫЖЫҚ

Қазақ тілінде шыққан ғылыми-танымдық журналда «Ұлы тұлғалар», «Ғылым қазығы», «Тісбасар», «Маман бол», «Қатені тап» және басқа қызықты айдарлар арқылы қалың оқырман назарын аударуда.

ЖАУАПҚЕРШІЛІК ЖҮГІ БАР

Жақында Парламент Мәжілісінің депутаты Асхат Аймағамбетов балаларға арналған мемлекеттік тілдегі контентті көбейту мақсатында бюджеттен 350 миллион теңгеден астам қаражат қазақша мультфильмдер жасауға бөлінетінін мәлімдеген еді.

– Қазақ тілінде мультфильмдер өте аз, ал «YouTube» сияқты платформаларда жоқтың қасы. Бұл бүгінгі күннің үлкен проблемасы, себебі балалар теледидардан гөрі интернет пен «YouTube»-ті жақсы көреді. Балалар «Көгілдір трактор», «Маша мен Аю» сияқты мультфильмдерді көрумен шектелмей, қазақ тіліндегі сапалы әрі қызықты мультфильмдерді көру керек. Осы мақсатта келесі жылдың бюджет жобасын қарау барысында қазақ тілінде мультфильмдер жасауға 350 миллион теңге бөлу де оларды тек теледидарға ғана емес, міндетті түрде жүктеп салуды қамтамасыз ететін норманы заңға енгізді. Интернетте, соның ішінде «YouTube» қазақ тіліндегі қызықты контентке қол жеткізуге мүмкіндік береді деп сенеміз, – дейді Асхат Аймағамбетов Телеарна арнасында.

Балаларға арналған сапалы контент жасау қазіргі ақпараттық қоғамда өте маңызды. Балалардың интернетке өткізетін уақыты күн санап артып келеді, сондықтан оларға сапалы және пайдалы отандық контент қажет. Осындай контенттің басты мақсаты – балалардың білімін арттыру, ой-өрісін дамыту және жалпы мәдениетті қалыптастыру. Балаларға арналған контенттің сапасы олардың дамуына тікелей әсер етеді. Сондықтан контент жасаушылар балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, бала үшін қызықты әрі пайдалы материалдар дайындауы қажет.

Балаңыз интернеттен не қарайды? Ата-ана ретінде ойланп көрсеніз. Әлеуметтік желіде балалар көретін контенттің сапасы қаншалықты, қазақ тілді контент балалар көңілінен шыға ма? Байқасаңыз, шетелдік контентке қызыққан бала мән-мағынасыз бейнероликтерді қайта-қайта көріп жатады. Мәселен, 2-5 жастағы балалар сүйіп көретін «Baby Shark» видеосы «YouTube» платформасында 15 миллиард қаралымнан асты. Екінші қаралымы жоғары видеолар қатарында «Маша мен Аю» мультхикаясы. Балаларға арналған мультхикая элементі барлық тіліне аударылып, платформадағы миллиард қаралымнан асатын «YouTube» арналардың көш басында. Ресейлік мультипликаторлар жасаған мультхикая желісі қазақстандық балалардың сүйікті контенті. Сонда отандық контентті дамытуға не кедергі бар деген сұрақ туындайды. «Nalqoz» университетінің аға лекторы, «Креативті индустрия» бойынша білім беру бағдарламасының басшысы, 3D анимация мен мультипликация маманы, «Dansi Academy» негізін қалаушысы Бағлан Төлебай айтуынша, сапалы мультипликациялық контент жасау үшін үлкен қаражат пен білікті мамандар қажеттілігі бар екенін айтады.

Елімізде балалар контентінің дамуы үшін көптеген мүмкіндік бар. Елімізде мультипликация немесе балалар контентіне тапсырыс беретіндер бұл оқу-ағарту, мәдениет және ақпарат министрліктері, ұлттық кино орталығы, «Балапан» телеарнасы және басқа да коммерциялық емес ұйымдар. Мультипликация қаржы талап етеді. Себебі мультфильм жасау үлкен процесс. Мысалы, «Маша мен Аю» сияқты мультфильмдер түсіруіне ғана қызықты, сол үшін балалар оны түсірген кезде екі негізгі мәселе бар. Біріншісі – мазмұны, екіншісі – техникалық жағында. Балаларға арналған контент білім беру функциясын орындауы тиіс. Білім беру контенті балаларға жаңа мәліметтерді оңай әрі қызықты түрде үйренуге көмектесу керек. Окінішке қарай, қазақстандық контент кейде сапа жағынан жетпей қалады. Мультхикаяның негізінде ғана қызықты мультфильмдер жасай аламыз. Тағы бір мәселе – баланың психологиясын түсіну керек. Мысалы, шетелдік «Nickelodeon» және «Cartoon Network» сияқты арналарда балалардың психологиясын зерттейтін психологтар отырады. Олар тек мультипликаторлар мен режиссерлер ғана емес, балалардың психологиясын түсінетін консультанттар да бар. Яғни баланың қалауын ескере отырып, қызықты контент қалыптастырады, – дейді Бағлан Төлебай.

Рәсіммен, балаларға арналған контент жасау – маңызды және жауапты іс. Балаларға сапалы білім беру, ой-өрісті дамыту және мәдениетті қалыптастыру арқылы біз болашақ ұрпақтың білімі мен мәдениетінің негізін қалауымыз қажет. Сондықтан контент жасаушылар балалардың қызығушылығы мен қажеттіліктерін ескеріп, сапалы материалдар дайындауға барынша назар аударуы тиіс. Балаларға арналған контенттің басты талаптарының бірі – оның қауіпсіздігі. Контент жасаушылар балаларға арналған материалдардың мазмұнын қатаң бақылауға алып, оларды зиян және қауіпті ақпараттардан қорғауы тиіс. Сонымен қатар контент балалардың жас ерекшеліктеріне сай болуы керек, яғни әртүрлі жас топтарына арналған арнайы материалдар дайындау маңызды.

ҚАУІПСІЗДІК – БІРІНШІ ОРЫНДА

«Касперский зертханасының» мәліметі бойынша, Қазақстандағы ата-аналардың 21%-ы 4 жасқа толған балаларына жеке гаджет сатып алады. Алайда үлкендер жағы балаларға киберқауіпсіздіктің негізгі ережелерін түсіндірмейді. Бұл өте маңызды, себебі осы саладағы білімнің жеткіліксіздігі балалар мен олардың ата-аналарының қауіпсіздігіне айтарлықтай қауіп төндіруі мүмкін.

– Зерттеуге сүйенсек, Қазақстандағы ата-аналардың 9%-ы баласының интернетті дұрыс пайдаланбау салдарынан ақшасынан айырылған, – дейді «Касперский зертханасының» мемлекеттік органдармен жұмыс жөніндегі менеджері Қайыржан Абдрахманов.



Түрлі контентті қарау баланың дамуына айтарлықтай әсер етеді. 2023 жылы жүргізілген зерттеуге сәйкес, 5-тен 12 жасқа дейінгі балалардың 70%-ы үнемі әлеуметтік желіде отырады. Сарапшылар айтуынша, жасына лайық емес бейнероликтерді қарау бала психикасы мен мінез-құлқына теріс әсер етуі мүмкін. Зерттеулер көрсеткендей, теледидарды немесе интернетті көп көретін балалар когнитивті дамуда және оқуда қиындықтарға тап болуы мүмкін. Мысалы, күніне 2 сағаттан артық теледидар көретін балалар мектепте оқуда қиындықтарға тап болу ықтималдығы 30%-ға жоғары. Сарапшылар медиаконтент балалардың эмоционалдық жағдайына әсер етуі мүмкін екенін атап өтті. Мысалы, зорлық-зомбылық пен қатыгездік көріністерін көретін балалар алаңдаушылық пен қорқынышты жиі сезінуі мүмкін. Алайда барлық медиа-контент теріс емес. Кейбір зерттеулер дұрыс таңдалған контент балалардың сыни ойлауын және шығармашылығын дамытуға ықпал ететінін көрсетеді. Сондықтан балалардың қандай контент көретінін қадағалап, медиа-контентті қарау уақытын шектеу маңызды.

– Күн сайын балалар интернетке кіріп, достарымен сөйлеседі, видео мен фильмдер көреді, онлайн ойындар ойнайды және білім алу үшін интернетті пайдаланады. Интернет балаларға жаңа мүмкіндіктер ұсынады: оқып үйрену, қарым-қатынас жасау және бөлісу. Алайда егер балаға интернеттегі мінез-құлық ережелерін түсіндірмесе, ол қауіптермен бетпе-бет келуі мүмкін – мысалы, фишингтік сілтемеге өту немесе зорлық-зомбылық пен қудалаудың құрбаны болу. Сондықтан ата-аналар мен мұғалімдер балаларға интернетті қауіпсіз пайдалану негіздерін үйретудің маңызы зор, – дейді Қазақстандағы ЮНИСЕФ өкілінің міндетін атқарушы Летисия Базиния-Вейл «bluescreen.kz» агенттігіне берген сұхбатында.

ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

Мультимедиялық контент балалардың өмірінің ажырама бөлігіне айналғаны рас. Бұл балалардың білім алуы мен жаңа ақпаратты игеруіне, дамуына әсері үлкен. С.Лапин атындағы №261 орта мектебінің информатика пәні мұғалімі Ақбота Қожабайдың айтуынша, мультимедиялық контент балалардың білімін арттыруға мол ықпал етіп, видеолар мен ойындар балалардың жаңа ақпараттарды қызықты және тиімді түрде үйренуіне мүмкіндік береді. – Әртүрлі медиа құралдар мысалы, интерактивті бағдарламалар, геймификация элементтері баланың оқуға деген қызығушылығын арттырып, оқушылардың сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Бұл әсіресе балалардың сабаққа ынтасын оятуға көмектеседі. Мысалы, графикалық дизайн, видеомонтаж, мультимедиялық жобаларды жасау – мұның барлығы сабақ барысында практикалық

қолданбалы білімдер мен дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Цифрлық технологиялар арқылы оқушылардың білім деңгейін тексеру жеңілдейді. Сондай-ақ медиа контент қашықтан оқыту мен онлайн сабақтарды қызықты ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе пандемия кезінде немесе түрлі жағдайларға байланысты қашықтан оқыту кезінде маңызды болды, бірақ бұл жүйені білім беру сапасын арттыру үшін де қолдануға болады. Цифрлық технологиялар мен медиа контенттің сабақта қолданылуы оқушылардың білім алу процесін едәуір жақсартады. Олар ақпаратты жылдам әрі түсінікті түрде жеткізуге, оқушылардың қызығушылығын арттыруға, практикалық дағдыларды дамытуға көмектеседі. Дегенмен бұл құралдарды дұрыс әрі тиімді пайдалану, негізгі білім беру әдістерінің орын алмастыруы тиіс, – дейді Ақбота Қожабай.

Американдық ғалымдардың айтуынша, мультимедиялық контент балалардың тілдік қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Аудио және видео материалдар арқылы балалар жаңа сөздер мен сөйлемдерді оңай меңгеріп, сойлеу және жазу дағдыларын жақсартады. Сонымен қатар мультимедиялық контент балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді. Анимациялар, интерактивті ойындар және басқа визуалды құралдар балалардың қиялын дамытып, шығармашылық ойлау қабілетін арттырады.

Мультимедиялық контент әлеуметтік және эмоционалдық дамуға ықпал етеді. Балаларға арналған мультфильмдер мен бейнероликтер оларды әртүрлі әлеуметтік жағдайларда дұрыс әрекет етуге үйретеді және эмоцияларын түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар мультимедиялық контент балалардың когнитивтік қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Логикалық ойындар мен тапсырмалар балалардың ойлау қабілеттерін, зейіндерін және есте сақтау қабілеттерін жақсартады.

Алайда мультимедиялық контенттің жағымсыз әсерлері де бар. Мысалы, балалардың экран алдында көп уақыт өткізуі олардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін. Көздің шаршауы, ұйқының бұзылуы және физикалық белсенділіктің төмендеуі сияқты мәселелер туындауы мүмкін. Сонымен қатар кейбір мультимедиялық контенттерде агрессия, зорлық-зомбылық және теріс мінез-құлықтарды насихаттайтын элементтер болуы мүмкін. Сондықтан ата-аналар мен тәрбиешілер балалардың қандай контентті тұтынатынын қадағалап отыруы тиіс.

Қорыта келе, балаларға арналған контентті таңдау кезінде ата-аналар мен тәрбиешілерге үлкен жауапкершілік жүктеледі. Балалардың дамуын қолдау үшін оларға тек сапалы білім беретін және қауіпсіз контентті ұсыну керек. Сонымен қатар балалардың экран алдында өткізетін уақытын реттеп, оларға физикалық және әлеуметтік белсенділікке уақыт бөлуге мүмкіндік беру маңызды.

София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ

Қызылорда облысы бойынша Экология департаменті Қармақшы ауданы және Байқоңыр қаласы бойынша мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімінің басшысы Әлішер ШАМКЕНОВ:

АРАЛ ТЕҢІЗІНІҢ ЖОҒАЛУЫ — АДАМЗАТ ТАРИХЫНДАҒЫ ҮЛКЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫС

Мемлекет басшысының Арал теңізінің құрғаған ұлтанында 2021-2025 жылдар ішінде 1,1 млн гектарға сексеуіл екпелерін ұлғайту жөнінде шаралар кешенін қабылдау туралы тапсырмасы аясында 2021 жылы 101 мың гектар, 2022 жылы 250 мың гектар фитоорманмелиорациялық жұмыстары атқарылды. Ал 2023-2025 жылдар аралығында жыл сайын 250 мың гектар фитоорманмелиорациялық жұмысын жүргізу жоспарланған.

Сонымен қатар 2019 жылғы 14 мамырдағы Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қызылорда облысына жұмыс сапары барысында Үкіметке «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасының екінші кезеңінің бөліктерін іске асыру жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды. Жоба Арал өңірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған. Соның ішінде солтүстік Арал теңізінде судың жинақталу көлемі мен сапасын 40 км³ дейін жақсарту, балық өнімдерін өндіру мен қайта өңдеуді қолдау жолымен балық шаруашылығын дамыту, солтүстік Арал теңізінің экологиялық мониторингін мен су ресурстарын басқаруды жақсарту, орман жолақтарын орнату арқылы Арал теңізінің түбінен тұзды шөгінділердің шығарылуын төмендету, экологиялық туризмді дамыту.

— «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының нәтижесін халық сезініп келеді. Дегенмен қоғамда тазалық мәдениетін сақтауда әлі де көп жұмыс керек екені байқалады...

— Облыс бойынша жыл басынан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында ұйымдастырылған сенбіліктер мен акцияларға барлығы 632 мыңнан аса адам қатысып, іс-шараларға 2000-нан аса техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 24071 тоннадан астам қоқыс қалдықтары шығарылды. Елді мекендердегі қоғамдық орындар, 505 скверлер мен парктер, 208 тарихи мәдени ескерткіштер тазартылды. Одан бөлек, 900 көпқабатты үй мен 12983 жер үйлердің ауласына тазарту жұмыстары жүргізілді.

Көркейту-қоғалдандыру жұмыстары аясында бүгінгі күнге 145 321 дана ағаш көшеті егілді. Апта сайын облыс орталығы және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, мемлекеттік мекеме ұжымдары, еріктілер мен волонтерлармен сенбілік ұйымдастырылуда.

— Қоршаған ортаны қорғаудағы игі іс — ағаш егу. Жасыл желегі көп қаланың экологиялық жағдайы да жақсы болатыны белгілі. Қызылорда жасыл қалаға қашан айналады?

— 2020 жылы ел Президенті Қазақстан халқына Жолдауында 5 жыл ішінде орман қорында 2 млрд ағаш және елді мекендерде 15 млн ағаш отырғызуды тапсырды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен Арал теңізінің құрғаған табанына жалпы көлемі 1,1 млн гектар жерге сексеуіл отырғызу басталды. Бір түп сексеуілдің 4 тоннадан астам құмға тосқауыл болатынын ғалымдар дәлелдеген. Мамандардың айтуынша, 7 жылдан кейін 15 мың гектар жерге егілген өсімдік 15 мың тонна тұз бен шаңның көкке көтерілуін тоқтатады.

Жоба аясында еліміздегі алдыңғы қатарлы компаниялар мен еріктілер бірігіп, аталған мәселенің түйткілін шешуге теңіздің тамшысындай болсын үлес қосуда. Биыл «ҚазМұнайГаздың» қолдауымен Арал теңізінің құрғап кеткен ұлғанын жасыл желекке айналдыру мақсатында ұлттық компания 15 мың гектар жерге 4,5 миллион түп сексеуіл көшетін егу жобасын бастаған еді.

Қызылорданың жасыл қалаға айналуын осы аймақтың тұрғыны, экология саласының қызметкерлері ретінде бірінші кезекте қалаймыз. Осы бағытта сала мамандарымен

Басы 1-бетте

бірлескен жобалар іске асуда. Мысалы, қаланы көгалдандыру, көшеттер егіліп, арықтардың тазалығын қамтамасыз ететін «Жасыл Қызылорда» мекемесі жұмыс істеуде. Бұдан бөлек, жоғарыда атап өткендей, ел көлемінде өтіп жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы — қоғамның экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тиімді идеологиялық қозғалыс.

Акция аясында облыс, қала, аудан көлемінде елді-мекендердегі санитарлық тазалық, көркейту және көгалдандыру шараларын маусымдық мерзімдері нақтыланып, бекітілген еді. Алдағы уақытта да, іс-шара жалғасын тауып, қаламыздың, облысымыздың, одан әрі республиканың

сұрыптау және қайта өңдеу бойынша 9 жоба іске асуда. Жыл соңына дейін Сырдария ауданында сұрыптау кешені бар полигон құрылысы аяқталып пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Жобалар толық іске асқан кезде өңірде 500 тұрақты жұмыс орны құрылып, қалдықтарды қайта өңдеу үлесі 33,6 пайызға дейін ұлғаяды деп жоспарланған. Нәтижесінде құрылысқа қажетті төсеніштер, кәріз құдығы, қағаз, пластик және шыны өнімдері өндіріледі.

Қалдықтарды басқаруда облыс орталығы — Қызылорда қаласына ерекше көңіл бөлінеді. Мұнда 3 жобаны іске асыру жоспарлануда. Біріншісі — «With You E&C Kyzylorda» ЖШС-



түлденуіне серпін беретін бастама боларына үлкен сенім мол.

— Қалдықтарды қайта өндіру және оларды сұрыптау бүгінгі күннің өзекті мәселесі...

— Соңғы жылдары қалдықтарды ретке келтіру жұмыстарына аса мән беріліп, олардың экологиялық және санитарлық талаптарға сай арнаулы орындарда жинақталуына назар аударылуда.

2021 жылдың 1 шілдесінен бастап енгізілген жаңа экологиялық кодексте тұрмыстық қатты қалдықтар полигонына қарасты біршама жаңа талап енгізілді.

Атап айтқанда, жаңа кодекстің 350-бабына сәйкес, тұрмыстық қатты қалдықтарды алдын ала сұрыптамай көмуге тыйым салынған. Полигонда көмуге арналған қалдықтардың көлемі мен қауіпті қасиеттері полигондарға түскенше азайтылуы тиіс. Сондай-ақ жаңадан салынып жатқан тұрмыстық қатты қалдықтардың полигондары сүзуге қарсы экранмен жабықталуға тиіс.

Бүгінгі күні облыста 145 полигон жер учаскелері белгіленсе, оның 7-і экологиялық талапқа сәйкес келеді, қалған 138 полигонды талапқа сай ету мақсатында кезең-кезеңімен шаралар жүргізілуде.

Соңғы үш жылда облыстағы қалдықтарды қайта өңдеу үлесін ұлғайту мақсатында қаламызда жылдық қуаттылығы 60 мың тонна қалдықтарды сұрыптайтын кешен және тұрмыстық қатты қалдықтарға арналған полигоны, сондай-ақ Арал қаласында ТҚК полигоны құрылысы іске қосылды. Өңірде «Жасыл Даму» АҚ арқылы қалдықтарды

мен Қызылорда қаласындағы қолданыстағы полигонның жаңғырту жобасы, оның шеңберінде қалдықтарды ұсақтау және жағу қондырғылары, қоқыс тасушы, экскаватор, тиегіш, жүк тасымалдаушы, өрт сөндіруші, ирригациялық автокөліктер, 32 арнайы техника және 3 мың еуроконтейнер сатып алынады, медициналық және құрылыс қалдықтары кәдеге жаратылады. Нәтижесінде қалдықтарды қабылдау полигонының қуаты 60 мың тоннадан 300 мың тоннаға дейін артады.

Бұдан әрі «Seven Rivers Technologies» ЖШС-мен бірге шыны ыдыс өндірісін іске асыру жобасы жоспарлануда. Ол жылына 220 миллион шыны ыдыс шығаруға қабілетті. Зауыт үшін шикізат ретінде өнімнің 50 пайызы республика бойынша жиналатын шыны қалдықтарын пайдаланбақ.

«Дезинфекция» ЖШС-нің үшінші жобасы — тұрмыстық қатты қалдықтардан пластик шелектер, жеңіл бактар өндіру. Жобаның қуаттылығы — жылына 1200 тонна.

— Автокөліктердің ауаны ластауға, қоршаған ортаға тигізер кері әсерін азайту бағытында қандай жұмыстар атқарылууда?

— Қызылорда облысы бойынша Экология департаменті мамандары 2021-2025 жылдарға арналған «Таза ауа» іс-шара жоспарын облыстық полиция департаментімен бекітіп, қазіргі таңда бірлесіп рейдке шығуда. Есепті кезеңде 4 рейдтік іс-шара барысында қала ішіндегі 303 автокөлікке өлшеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде 17 автокөліктен нормативтен асу дерегі анықталды.

— Сұхбатыңызға рахмет.

ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТКІҢ КЕЛСЕ, ӨЗІҢНЕН БАСТА!

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰҚ» АҚ арасында рұқсатсыз қалдық төккен жерлерді қашықтықтан зондтаудың ғарыштық түсірілім қызметін көрсету бойынша келісім-шарт жасалды. 2018 жылдан бері бей-берекет төгілген қалдық орындарын анықтау мақсатында жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Осы уақытқа дейін «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰҚ» АҚ-мен ғарыштық түсірілім қызметі негізінде облыс аумағында 120 рұқсатсыз қалдық орындары анықталды. Бұл жұмыстар негізінде жергілікті әкімдіктермен бірлесіп рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерін жою мақсатында жұмыс атқарылып, заңсыз қоқыс аландары толығымен тазартылды.

Департаменттің жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп атқарған іс-шаралары нәтижесімен анықталған қалдықтар орындарының 100% жойылды.



Бұған дейін, Қызылорда қаласының 50 км-лік радиусы аумағында 2018 жылы — 240 орын, 2019 жылы — 228 орын, 2020 жылы — 136 орын, 2021 жылы — 105 орын, 2022 жылы — 99 анықталса, 2023 жылы — 74 анықталса, 2024 жылы — 120 рұқсатсыз қалдықтар орындары анықталған.

Облыс аумағында 2018 жылдың мәліметімен салыстырғанда жылдан-жылға заңсыз қалдықтар орындарының біршама азайып келе жатқаны байқалады. Дегенмен 2018 жылдан бері қарай шешімін таппай келе жатқан біршама заңсыз қалдық орындары бар екендігі, геоортал жүйесіне космостық бейне-түсіріліммен енгізіліп келе жатыр.

Қызылорда қаласы және аудан, кент, ауылдық округтердегі орналасқан рұқсатсыз қалдықтар орындары жыл сайын тазартылғанымен, тұрғындар тарапынан қалдықтарды қайта тастау тыйымдай отыр. Сондықтан да департамент облыс тұрғындарын рұқсатсыз жерге бей-берекет қоқыс қалдықтарын тастамауға шақырады.

«Әлемді өзгерткің келсе, өзіңнен баста!» деген қағиданы ұмытпайық. Мойындаған жөн, кейде жиналған қоқысты бөліп шығармақ түгілі, жақын жердегі контейнерге апарып тастауға ерінетін адамдар бар. Өзіміз өмір сүріп жатқан аймақты таза ұстау — біздің міндет. Айналамызды біреу келіп жинап бермейтінін есте сақтаған жөн. Рұқсат етілмеген жерге қоқыс тастамау қажеттігін күнделікті әдетке айналдырып, өзімізден бастасақ айнала таза болары белгілі жайт.

Бетті дайындаған Айттолқын АЙТЖАНОВА

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу күзегі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» басып үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3498 Тапсырыс №1937

Нөмірдің кезекші редакторы Айттолқын АЙТЖАНОВА